

Мургабаев Сагынбай Серикбаевичтің «Үлкен Қаратау петроглифтері» тақырыбында 6D020800 – археология және этнология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

ПІКІР

Жартас суреттері археологиялық ескерткіштер арасында тарихи және мәдени үдерістерді зерттеуде ерекше орын алады, себебі, әсіресе олардың бір жерде ерекше көп орналасқан, яғни, бірнеше хронологиялық кезеңдерді қамтитын негізгі шоғырлары аталмыш құбылыстарды, солардың ішінде дүниетанымдық пен қоғамдық сананың дамып қалыптасуын көркемдік деңгейде де сараптап, мәденигенез (культурогенез) проблемаларын тарихи сабақтастық тұрғысынан талдап зерделеуде бірегей дереккөз ретінде қарастыру, әсіресе, соңғы кезде қалыптаса бастаған петроглифтану деген археологияның жаңа саласында ерекше бір орын ала бастады. Тасқа салынған суреттердің тағы бір ерекшелігі - олар қазбалардан табылған жәдігерлерге қарағанда сюжеттік желілерден тұратын композициялық құрылымдары анағұрлым басым болып әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген адамдардың іс-әрекеті, мифологиялық ой-өрісі және де, кейбір жағдайларда, киім -кешектер ерекшеліктері, сондай-ақ қару жарактардың кейбір түрлерін ұрыста қолдану мен әскери тактикалар жөнінде мағлұматтарды нақтылай және көрнекті түрде беретін акпараттық деңгейі өте жоғары дереккөз болып табылады. Сонымен қатар, тас бетіне салынған суреттер ежелгі заманнан бастап кейінгі уақытқа дейінгі адамзат қоғамындағы бейнелеу өнерінің даму ерекшеліктерін көрсететін бірден-бір ескерткіштер қатарына жатады. Сондықтанда, кезінде С. Мургабаевтың осы ғылымдағы аса күрделі тақырыпты таңдап алып оның жалпылама және өңірлік проблемаларын талдап, ішкі мазмұнын зерттеуге бел байлағаны құптарлық жағдай. Қазақстандағы петроглифтерді зерттеудің көпжылдық тарихы бар, ал Үлкен Қаратау жотасындағы осы ескерткіштерді іздестіріп, тексеріп, оларды ғылыми айналымға енгізуді өткен ғасырдың 70-ші жылдары М. Қадырбаев, заманына сай далалық зерттеу тәсілдері мен зертханалық талдау жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырған болатын. Содан бері жарты ғасырдай уақытта, Қаратауда ондаған жаңа петроглифтер шоғырларын әртүрлі отандық және шетелдік мекемелердің ғалымдары әртүрлі жобалар аясында біріге зерттеді, соның ішінде тікелей диссертанттың қатысуымен А. Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің профессоры М. Елеуов басқарған арнаулы экспедиция біраз жылдар бойы жұмыс істеп тыңғылықты істер атқарды. Кейінгі жиырма жылдан астам уақытта С. Мургабаевтың тікелей өзі атқарған далалық ізденіс жұмыстардың нәтижесінде Үлкен Қаратау жотасында аса құнды, халқымыздың көне және ортағасырдық тарихы мен мәдениетін зерттеуге өзіндік үлесін қосатын жетпіске жуық жаңа петроглифтер шоғырлары ашылды, міне солардың көпшілігі осы диссертациялық жұмыстың негізгі

дереккөзін құрайды. Кейінгі жылдары петроглифтерді зерделеу мәселелері бойынша ЮНЕСКО және де басқа ғылыми орталықтар халықаралық деңгейде, соның ішінде Қазақстанда көптеген шаралар өткізіп, саналуан далалық зерттеу әдістері мен олардың ішкі мазмұндарын талдау, мерзімдеу және ең көрнекті шоғырларын аспан астындағы ашық музейлер мен қорықтар ұйымдастырып, жартас суреттерін қорғау, тағы басқа мәселелер бойынша біраз пікір алмасу, тиімді зерттеулер қорытындыларын тарату жөнінде тыңғылықты ұсыныстар жасалды. Осы шаралардың біразына, соның ішінде Оңтүстік Корея, Германия, Ресей, Түркия, Бельгия т.б. елдердің мамандарымен бірігіп ұйымдастырылған петроглифтерді зерттеу экспедицияларына осы қолжазбаның авторы С. Мургабаевтың өзі тікелей қатысып, басы-қасында бірге жүріп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдап, кейін диссертациясында көптеген заманауи жетістіктер мен әдістемелерді, далалық зерттеу тәсілдері мен талдау, сұрыптау, ескерткіштерді құжаттау және тағы басқаларын, қорғауға ұсынылып отырған еңбегінде тиімді пайдалана білді. Осылардың біраз көріністерін еңбектің тарихнамалық талдау бөлімінен көруге болады. Мысалы, петроглифтерді мерзімдеу принциптері мен әдістері бойынша көптеген елдердің мамандарының жинаған тәжірибесі, соның ішінде көшірме әдістері (фото, микалент, негативті құйма алу т. б.) және басқалар талданып, стратиграфиялық, тас бетіндегі патина, немесе сурет бетіндегі тотықтарды тереңнен арнаулы технологиямен зерттеу, сондай ақ, радиоқөміртегілік әдістерді қолдану сияқты жаңа мүмкіндіктерге тоқталады. Сондықтанда ізденушінің диссертациясының қолжазбасы халықаралық деңгейде орындалған туынды деп бағалауға болады.

Жалпы, қолжазбаның бөлімдері талдауға ұсынылған ғылыми проблемалардың мазмұнын бірінен кейін бірін логикалық тұрғыда ашуға бағытталған, классикалық құрылым деп қарауға болады.

Қаратаудың қос сілемінде бұрын-соңды ашылып, ғылыми айналымға енген жартас суреттері көп, бірақ, жоғарыда айтылғандай, диссертацияға тек қана автордың тікелей өзі ашып зерттеген ескерткіштер ғана енген, сондықтан зерттеудің дереккөздік негізі жаңадан ашылған, ғылыми айналымға әлі еңбеген материалдар болғандықтан олар жұмыстың құндылығын анағұрлым арттырады. Диссертацияның келесі тарауында ең алдымен петроглифтер аса көп шоғырланған ескерткіштерге сипаттама беріледі. Солардың ішінде әкімшілік жағынан Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарасты Еңбекші ауылына жақын орналасқан, сегіз топтан тұратын Сауысқандық ескерткіші саны жағынан да, репертуарының, образдарының және де символикалық белгілерінің жиі кездесуімен сипатталады және де хронологиялық тұрғыда Қаратау петроглифтерінің ішіндегі ең көнелері, сақтар заманының керемет стилінде салынған бірегей образдары, сондай-ақ, алғашқы түріктер заманының қайталанбас жарқын бейнелерімен сипатталады. Жалпы Сауысқандық суреттеріндегі зооморфтық образдардың ішінен автор ірі қара, немесе жабайы бұқалар, соның ішінде арбаға жегілген қолға үйретілген бұқалар және де құрбандыққа шалған

бұқалар тобын ерекшелейді. Сонымен қатар қола дәуіріне жататын «сейма-турба» ерекше стильмен салынған жылқылар, денелері шимайланып теңбілденген түйелерді және осы стильге жақындау салынған басқа образдарды жеке қарастырды. Антропоморфтық бейнелердің ішінен көбінесе қолдарына шоқпар ұстап әртүрлі әрекеттер жасап тұрған немесе садақ атып, аң аулау сәттері бейнеленген көп фигуралы композициялар, өсіп-өну тақырыбына арналған сюжеттер басым кездесетінін көрсетіп талдаған. Осындай антропоморфтық бейнелер, әсіресе денелері геометриялық үшбұрыш, қос үшбұрыш, төртбұрыш ретінде көрсетілген, Сауыскандықта жиі кездеседі. Сауыскандықтағы аса көрнекті сюжеттері қатарында арбаға жегілген теңбіл өгіздер және олармен тікелей семантикалық байланыста көрсетілген бақташылардан тұратын ірі композицияларға да ерекше көңіл бөлінген. Автордың жасаған топтамаларында Қызылшың сияқты ірі петроглифтер шоғырында жиі кездесетін тағы бір мотив – адамның ашық алақаны. Бұл символикалық, терең мағыналы және түсіндіруге күрделі қола дәуірі кезіне тән белгілердің бірі. Осы топқа ізденуші көптеген шеңбер, күн белгілері, көзілдірік, гантель тәріздес белгілерді, сондай ақ ирек, жылан сияқты фигуралар да қоса енгізген. Бұл тарауда, диссертациялық еңбектің негізін құрайтын Қаратаудың теріскей және күнгей жоталарында табылған петроглифтер, осы саладағы міндетті түрде атқарылатын (археологиялық процедура деп аталатын) шаралардың талабына сай алдымен тіркелген шоғырлары бойынша сипатталынып, артынан әртүрлі бейнелер мен образдарға, символикалық белгілерге және ірілі-кішілі сюжеттік композицияларға бөлініп, арнаулы талдаудан өткен.

Жартас суреттерін зерттеудегі ең шешуші кезең, ол мерзімдеу. Бұл мәселе бойынша дүниежүзілік ғылымда жинақталған, баршаға мәлім мол тәжірибе бар, әйткенмен әрбір өңірдің ескерткіштерінің өзіндік жергілікті ерекшеліктері болады. Сондықтанда кез-келген зерттеушінің алдында белгілі қалыптасқан стандарттарды ескере отырып өңір мен онда табылған петроглифтер шоғырының жалпы салыстырмалы және абсолюттік хронологиясын анықтау, сондай-ақ ішкі мерзімдік ерекшеліктерін айқындау және тағы басқа шараларды жүзеге асыру міндеттері алға шығады. Ізденуші С. Мургабаевтың алдында да 400 км созылып жатқан Қаратаудың мыңдаған жартас суреттерінің жалпы пайда болып дамуымен қатар, ішкі салыстырмалы мерзімдерін анықтау міндеті тұрды.

Солардың ішіндегі ең көне, қола дәуірінің ең алғашқы кезіне тән (тіпті біздің заманымызға дейінгі III- ші мыңжылдыққа жататын) суреттердің қатарына С. Мургабаев Еуразияның кейбір Таяу Шығыс және Оңтүстік Батыс аймақтардағы халықтармен қоян-қолтық араласудың әсерінен туған деп есептелетін, сол өңірлердегі, әсіресе, терракоталардағы бейнелеу стиліне жақындау мәнерде салынған Қаратаудағы Сауыскандық, Шалабай, Дарбаза және Тасбұлақта табылған көптеген антропоморфтық образдарды жатқызады. Сонымен қатар қолдарына шоқпар ұстаған, немесе садақ тартып тұрған денелері тікбұрыш және үшбұрышты геометриялық фигуралар іспеттес салынған аламдар бейнесін жатқызған. Қола дәуіріне қос дөңгелекті

немесе төрт дөңгелекті арбаларға жегілген, көп жағдайларды денелері ала-құла шимайланып оюланып безендірілген өгіздер, кейде қолдарына сойыл алып осы арбаларды айдап бара жатқан адамдары бар сюжеттік композициялар да тыңғылықты салыстырмалы зерттеулер нәтижесінде қола дәуірің дамыған кезеңіне жатқызылған. Осы кезеңге С. Мургабаев «сейма-турба» стилінде ерекше бейнеленген тоқпақ жалды ұзын кекілді жылқы малының суреттер тобын жатқызған. Осыған орай, Сауыскандыққа жақын Ақмылтық немесе Бағаналы деген жердегі аса шеберлікпен салынған жылқылар бейнесін атауға болады. Қоланың соңы мен ерте темір уақытының алғашқы кезеңіндегі өтпелі дәуірді бірге қамтитын ерекше бір образ – құс басты бұғылар осы Каратау жотасындағы петроглифтердің арасында жиі кездеседі. Солардың бір тобы – Жыңғылшақ деген жердегі суреттер диссертацияда тыңғылықты талданып, оардың салыну уақытынан басқа ішкі мазмұны, пайда болу себептері, соларға байланысты мәдени-этникалық құбылыстардың кейбір көріністері бірге қаралған.

Жалпы, жартас суреттерінің ішінде ерте темір дәуіріне жататын образдар мен мотивтердің ішіндегі ең жарқындары – тағы аң стилінде салынған жыртқыштардың аса динамикалық стильде салынған үлкен бір сериялық үлгілері осы Каратау петроглифтерінің ішінен табылған. Солардың ішіндегі ең бір елеулілері Сауыскандықтағы контурлық техникада салынған аю, қабан, мысық тектес жыртқыштар және бұғылардың бір тас бетінде сақталған фигураларын айтуға болады. Бұлардың құндылығы қатты тас бетіне осындай күрделі стильде орындалған нәзік фигураларды салу өте қиын болғандықтан, олар жартас бейнелеу өнерінде өте сирек кездеседі. Ал енді, Каратаудың Шимайлы деген жерінде табылған сақинадай жиырылған бірнеше қабылан ба немесе барыс па, жалпы мысық тектес жыртқыштың салынған суреттері тек осы өңір емес, бүкіл Еуразия далалық кеңістігіндегі керемет бір ерте сақтар дәуірінің бейнелеу өнерінің бірегей озық үлгілері қатарына жатқызуға болады, себебі мұндай фигуралар бұрын-соңды сол заманның ат әбзелдерін немесе қару-жарақтарды әшекейлейтін алтын немесе қоладан құйылған торевтикалық материалдардың арасында ғана кездесетін. Диссертанттың көне сақтардың осындай тамаша туындыларының үлгілерін жартас суреттерінің арасынан тауып алып, сараптап, уақытын анықтап және де мазмұнына тиесілі бағаларын беріп ғылыми айналымға енгізгенінің өзі, оның еліміздегі археология ғылымының әрі дамуына қосқан үлкен үлесі деп бағалау керек. Осы аталған образдардан басқа, диссертациялық зерттеуде тау ешкілердің, архардың, жылқы малының, жыртқыш құстардың және басқа да жан-жануарлардың скиф-сақ тағы аңдар стилінде салынған керемет үлгілері туралы салыстырмалы талдаулар жасалған. Сонымен қатар, ерте темір дәуірінің басқа кезеңдеріне жататын бейнелер, тұтас сюжеттер мен композицияларға да талдаулар жасалынып, олардың кейбіреулерін заттық үлгілермен салыстырып мерзімін анықтау, әсіресе С-14 сынама нәтижелері бар ескерткіштермен бірге қарастыру сияқты заманға сәйкес әдістерді де диссертант ұтымды пайдаланған.

Ортағасырлық, немесе, көне түркілер заманына жататын жартас суреттері Қаратау өңірінде әртүрлі шоғырларда кездеседі. Солардың ішіндегі бірден көзге көрініп, сол заманның эмблемасы деп қарастырылып жүрген қолына найза немесе көбінде ту, байрақ, бунчук ұстаған прокламативтік сарындағы салт аттылар бейнесі. Бұдан басқа автордың көңіл бөлген сол заманға жататын сюжеттерінің ішіндегі ең көп тарағандары - садақ атып, саятшылық құрып, үшкір найзамен қарсыласын түйреп, аттан құлатып, қылышпен сермеп алға ұмтылған және де басқа әрекет етіп жатқан батырлардың әскери-соғыс, сайыс сәттері бейнелейтін композициялар. Көне түріктер заманының ең бір күрделі де, қызықты да графикалық суреттеріне әртүрлі таңбалар мен символикалық белгілер жатады, сондықтана автор өзінің жұмысында осы мәселені де біраз қарастырады. Сауысқандық петроглифтерінің арасында әртүрді малдар жегілген қос дөңгелекті арбалар, төбесі жабылған күймелер, баспана нышаны кездесіп қалады, міне осылардың барлығына диссертант тыңғылықты талдаулар жасаған.

Петроглифтерді зерттеудегі ең қиын және күрделі кезең — ол жеке образдар, белгілер мен символдарға, сюжеттер мен ірілі-ұсақты композициялардың ішкі мазмұнын талдап, оладың әр тарихи кезеңдерде не үшін салынғанын, нені баяндайтынын, оларды салған адамдардың дүниетанымы қандай болған және басқа да рухани бағыттағы мәселерді шешу. Әрбір заманның өзіне тән образдары болады, мысалы, автор қола кезеңіне байланысты алдымен күн басты антропоморфтық бейнелерді, күн тәрізді, алақан, табан іспетті символдарды, өсіп-өну культына байланысты сюжеттер, әртүрлі көне мәтіндердегі сақталып қалған мифологиялық деректермен және де типологиялық ұқсастығы бар этнографиялық материалдармен салыстыра отырып зерттеу жүргізген. Ерте темір дәуірінің кейбір сюжеттері, мысалы, жыртқыш аңдар шайқасы бинарлық оппозиция, жақсы мен жаманның текетартысы тағы басқа кешендік мифтік тұрғыда қарастырылған. Көне түріктер заманының гравюраларының ішкі мазмұнын талдау кезінде де автор саналуан этнографиялық материалдарды пайдаланған.

Қорыта келе, Сағынбай Серикбаевич Мургабаевтың «Үлкен Қаратау петроглифтері» тақырыбында 6D020800 — археология және этнология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін өзі жеке-дара дайындаған диссертациясының қолжазбасын бірегей және толық аяқталған түбегейлі еңбек ретінде бағалап, аталмыш ғылыми дәрежені алуға лайықты жұмыс деп есептеймін.



Тарих ғылымдарының докторы, профессор

Самашев

3. Самашев